апталық облыстық ақпаратты-жарнамалық газеті * еженедельная областная информационно-рекламная газета

# ПРИОЗЁРСКИЙ Вестник

18+

№ 52/644

27 декабря 2019 года

газета издается с 26.06.2004 года

# ЖАҢА ЖЫЛДАРЫҢЫЗБЕН! С НОВЫМ ГОДОМ!

**ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР, ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫ ЖӘНЕ ҚОНАҚТАРЫ!**

**Сіздерді Жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!**

**Келе жатқан 2020 жыл жаңа жасампаздық істерге толы шаттық әкелетін қайырлы жыл болсын.**

**Сіздерге және отбасыларыңызға зор денсаулық, көтеріңкі көңіл-күй мен барлық жақсылықты тілеймін, сәттілік пен шабыт өмірлеріңізге адал серік болсын!**

**Ізгі тілекпен**

**Қала әкімі Қ.Камзин**

**Мәслихат хатшысы Б.Сәрсембеков**



**ДОРОГИЕ КОЛЛЕГИ, ЖИТЕЛИ И ГОСТИ ГОРОДА!**

**От всей души поздравляем Вас с Новым годом!**

**Пусть наступающий 2020 год станем годом новых творческих свершений, годом процветания и благополучия.**

**Желаем Вам и Вашим близким исполнения всех заветных желаний, здоровья, хорошего настроения и всех благ, чтобы удача и вдохновение были верными спутниками Вашей жизни!**

**С уважением**

**Аким города К.Камзин**

**Секретарь маслихата Б.Сарсембеков**

*Жаңа жылмен, жарандар!*

## ЖАҢА ЖЫЛ ЖАЙЛЫ НЕ БІЛЕСІЗ?

Біздің замандастарымыз және осы дәуірдің адамдары бүгінде жылдың ауысатын мезгілі – Жаңа жыл туралы әртүрлі пікір айтып жүргенін байқап қаламыз. «Бұл біздің жаңа жылымыз емес, хрестияндардың мерекесі, біздікі «Науры мерекесі» дейтіндер мен «Жиырмасыншы ғасырда қалыптасып қалған дәстүрді бұзып неге керек, 1-қаңтарды Жаңа жыл ретінде тойлай берейік...», дегенді құптайтындардың ой-пікірлері екіге жарылуда. Әрине, әркімнің жеке ой-пікіріне қол сұғып, тек бірін ғана қолдайын деп отырғанымыз жоқ. Дегенмен, осынау пікір таласына себеп болған Жаңа жыл туралы көпшілігіміз біле бермейміз. Ол мейрам қайдан шықты, кімдер тойлаған еді және жаңа жылмен христиан дінінің қатынасы бар ма?. Қала берді жаңа жыл туралы мұсылмандар қандай ойда немесе ол мейрамның мұсылмандарға қаншалықты қатысы бар?..

Алдымен айтармыз: Кеңес Одағы дәуірлей бастаған шағында, яғни 1927-1936-жылдары жаңа жылды тойлап, шырша тігуге тыйым салынған болатын. Тек 1937-жылы ғана Сталиннің бұйрығымен 1-қаңтарда шырша тігіліп, жаңа жылды тойлауға рұқсат берілді. 1937-жылға дейінгі шыршалардың басында 8 бұрышты жұлдыз болған, тек 1937-жылы Кеңес Одағының үкімі бойынша 8 жұлдыздың орнына 5 жұлдыз қолданылатын болды. Содан бергі кезеңде біздің байқауымыз бойынша бұл дәстүр өзгере қоймағаны анық.

Ендігі жерде өзіміз куә болып жүрген «Рождество Христово» мен жаңа жылдың шығуы туралы қысқаша мәліметтер берер болсақ: Бірінші ғасырда, яғни, Милади жыл санағы бойынша, христиан діні пайда болған кезде, діннің екі жауы болған. «Үштік», яғни Құдайды үшеу деп білген митраизм түріндегі язычниктер және монетизмді уағыздайтын юдаизм. Язычниктер Құдайды үшеу деп үштік түрінде уағыз ететін. Енді сол үштік сенімді уағыздайтындардан мысал келтірейік: Вавилондық үштік – Ану, оның баласы Энлиль және Энки. Римдік үштік – Юпитер, Юнана және Минерва. Семиттік үштік – отец, сын и мать яғни әке, шеше және бала. Бұлардан басқа индуистік – Брахма, Вишну және Шива. Парсылардың Ормузд, Митра, Ахриман және Египеттік Осирис, Исида және Гор немесе Эмпефт, Эйктион, Пта деп те аталады. Халдейлік Бел-Сатурн, Бел-Юпитер (сарапшы), Бел-Хом (Аполлон). Соңғы үштік үшеуі қосылып ұлы Құдай деп аталады. Бұл үштіктердің барлығы христиан діниндегі үштіктермен тұп-тура келеді. Әсіресе Буддалықтардың үштіктері сай келеді. Буддалықтардың үштіктерін айтып өткеніміздей Брахма, Вишну және Шивадан құралады. Брахманы әке деп атайды. Вишнуды пастырь және пророк деп көреді. Ал Шиваны иләһи руһ деп ойлайды. Бұл үштік «Тримутра» орыс тіліне тройца деп аударылады. Олар бұл үштік терең құпия деп түсінеді. Құпия болғаны себепті оны ешкім білмейді және түсінбейді дейді. Бұл құпия адамзат баласы әлемдік дух (рух) Брахматмамен қосылған кезде ғана біледі дейді. Бұл атап өткен үштіктеріміз Жерорта теңізінің



жағалауында Христиан дінінен бұрын пайда болған. Барлығыда бұл үштікті құпия ретінде санайды. Христиан діні пайда болған кезде осы діни ағымдар өздерінің діни сенімдерін христиан дініне кіргізіп, оны да өздерінің қатарына қосып алған.

Сіздерге түсінікті болу үшін мысал келтірейік: Егер жас қозы қасқырлардың арасына түссе не болады? Міндетті түрде қасқырлар қозыны талан-таражға салып жеп қояды. Сол сияқты христиан діні де жас баладай дүниеге келген кезде оны басқа сол кездегі діни ағымдар жеп қойған және өздері жаңа дінге өзгерістер енгізген.

Иса а.с. Масихті христиан әлемі Құдай деп таниды. Сол сияқты Митра да парсы құдайы, Осирис Египет құдайы, Вакх грек құдайы, Кришна Индия құдайы, Будда буддизмнің негізін салушы оны да құдай деп есептейді. Заратустра Зарасторизмнің негізін салушы. Бұлардың барлығы да құдай деген атауға ие. Бұлардың туылған күндерінде де ұқсастықтар бар. Барлығы сол желтоқсанның 25-де дүниеге келген екен. Осынау тарих қойнауына үңіле зер салып, газет оқырмандарымен таныстырып отырғанымыздың себебі, Жаңа жыл мен оның шығу тарихынан хабардар болсын деген ой ғана. Қазақ халқының негізгі Жаңа жылы – Жыл басы «Наурыз» мерекесі екендігін ұмытпайық. Ал, жыл мен жылдың алмасар шағын кім қалай күтіп алады, ол әркімнің өз шаруасы. Дегенмен, біз тойлап-меркелеп күтпесек те, өз ретімен 2019-жылдың 2020-жылға ауысатыны белгілі. Осы орайлы сәтті пайдалана отырып, кейбіреулер үшін ерекше мереке болып саналатын күн туралы қызықты 10 деректі оқырман назарына ұсынуды жөн көреміз.

1.Римдіктер үшін Жаңа жылдың алғашқы күні 1-қаңтар болып есептелінген. Римдіктер бұл күнді ерекше тойлап, сәтті өткізу үшін барын салған. Мерекені тойлауды императорлары Юлий Цезарь жаңа күнтізбе енгізген.

2.Жаңа жылдық мерекені үйде отбасымен шырша безендіріп тойлау адамзат баласына 150 жылдан астам уақыт бұрын бұйырған.

3.Жаңа жыл тұңғыш рет Месопотамияда тойланған. Ғалымдардың айтуынша, адам баласы алғашқы жаңа жылды біздің заманымыздан бұрыңғы үшінші мыңжылдықта атап өткен. Жаңа жылды тойлау межесі Тигр мен Евфрат өзендеріне су толып, егін шаруашылығының басталған кезіне тура келеді.

4.Бірқатар этнограф тарихшылар қыпшақтарда да шырша мерекесі болғанын, Жаңа жылдың көшпелілердің де байырғы мейрамы екенін жазады.

5.Орыстарда І Петрге дейін жаңа жыл мерекесі 1-қыркүйек күні тойланып келген. Тек І Петр келген соң, 1-қаңтарға ауыстыруға үкім шығарған. Яғни, 1700-жылдан бастап орыстар жаңа жылды әшекейлі шыршамен қарсы алу дәстүрін енгізіп, Ресейде жаңаша жыл санау басталған.

6.Әлемдегі ең үлкен жасанды шырша Шри-Ланканың астанасы Коломбо қаласында құрылған. Шырша миллиондаған бүршіктер мен жүздеген мың мерекелік алаумен көмкеріліп, болат шыбықтар мен сымдардан жасалған. Биіктігі 73 метрге жетеді.

7.АҚШ-та Ақ Үй алдында алғаш рет 1895-жылы шыршаға ілінген электрлі түрлітүсті тізбек жанған.

8.Алғаш жаңа жылдық шыршаны безендіру XVI ғасырда Германияның Эльзас қаласында бастау алған. Ал, кейбір жазбаларда шырша қолдануға енбес бұрын Европа халықтары өз мерекелерінде пирамида пішіндес ағаштан жасалған құрылғыларды пайдаланғандығы жазылған. Олар бұл құрылғының сөрелеріне тәтті-дәмділер мен сыйлықтар қоятын болған. Кейбір елдерде шие ағашы Жаңа жыл сәні болған.

9.Аустралияда жаңа жыл экзотикалық түрде өтеді. Қар, шырша, буғы сынды мереке атрибуттары жоқ. Ондағы Аяз Ата Сидней жағалауына су киімімен келеді. Дәстүр бойынша оның киімінде ақ сақал және қызыл қалпақ болады.

10.Мұсылман мелкеттері, оның ішінде Египет, Ливан, Сирия, Біріккен Араб әмірліктері жаңа жыл мерекесін тойлайды. Бірақ жаңа жыл барлық араб елдерінде тойланбайды. Мысалы Сауд Арабияда 31 желтоқсаннан 1 қаңтарға қараған түні жаңа жылды тойлайтын болсаңыз жауапқа тартыласыз.

Кіріп келетін жаңа – 2020-жыл біздің қаламыздың тұрғындарына денсаулық, ұзақ ғұмыр, бақ-береке, ырыс-құт, ауызбір-шілік, жақсы жаңалықтар сыйлап, әрбір қала тұрғыны шағын шаһарымыздың гүленіп, жайнай түсуіне үлес қосатын болсын!

**Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,**
*газеттің арнаулы тілшісі.*

## ТҰРҒЫНДАРДЫҢ НАЗАРЫНА

# 2019 ЖЫЛДЫҢ 8 АҚПАНЫ КҮНІ ҚАЛА ӘКІМІНІҢ ХАЛЫҚ АЛДЫНДАҒЫ ЕСЕПТІ КЕЗДЕСУ БАРЫСЫНДА ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫНАН ТҮСКЕН ҰСЫНЫСТАР МЕН ЕСКЕРТУЛЕРДІҢ ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫНЫҢ ОРЫНДАЛУЫ ТУРАЛЫ

**2019 жылдың 1 желтоқсаны жағдайы бойынша**

| № | Айтылған ескертулер/ ұсыныстар | Ескертулерді/ ұсыныстарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар мен орындалу мерзімі | Жауапты | Ескерту |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1 | **Ахметова Э. Ж.,** Достык к., 16 үй, 17 пәтер Қалалық стадионда қашан жөндеу жұмыстары жүргізіледі? | Маусым 2019 ж.<br>1. "Родина" қалалық стадионын күрделі жөндеуге ЖСҚ әзірлеуді және мемлекеттік сараптама алуды аяқтасын;<br>2. Бюджеттік өтінімді Қарағанды облысының құрылыс басқарма-сына және дене шынықтыру және спорт басқармасына жіберсін;<br>3. Өтініш иесіне жазбаша түрде жауап әзірлесін. | Приозерск қаласы әкімінің орынбасары (Д.Ш. Саденов),<br>Құрылыс бөлімінің басшысы (Ж.О. Есенжолов),<br>Дене шынықтыружәне спорт бөлімінің басшысы | Стадионды күрделі жөндеуге жоба-сметалық құжаттама әзірлеу аяқталып, 02.05.2019ж. мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынды.<br>Приозерск қаласының спорт және дене шынықтыру бөлімімен облыстық спорт және дене шынықтыру басқармасына келесі жылдың бюджетіне енгізу үшін бюджеттік өтінім дайындалуда.<br>Бюджеттік өтінім 15.05.2019 ж. тапсырылды. |
| 2 | **Мусатаева А.И.,**Космонавтов к., 9/2 үй, 52 пәтер Космонавтов к-сі, 9/2 үйінің жылумен қамту жүйесін жөндеу туралы. | Маусым 2019 ж.<br>1. 2018-2019 жж. жылу беру маусымы аяқталғаннан кейін, РФ ҚМ 03080 ә/б № 2 Үйбасқарма-сының (Домуправления №2) қызмет-керлерімен бірлесе отырып, жалға алынған 18 үйдің коммуналдық жағдайына комис-сиялық тексеріс жүргізілсін. Сонымен қатар 2019-2020 ж. ж. жылу беру маусымына дайын-дығы барысына тұрақты мониторинг жүргізсін.<br>2. 2019-2020 ж. ж. жылу берумау-сымы дайындығына шеңберінде қажетті жұмыстарды жүргізсін.<br>3. Өтініш иесіне жазбаша түрде жауап әзірлесін. | Приозерск қаласы әкімінің орынбасары (Д.Ш. Саденов), «ТҮКШ, ЖК, АЖжәне ТҮ бөлімі» ММ басшысы (Т.А. Айдарханов), «КТҮҚҚБ» КМК директорының м.а. (С.В. Курец) | Бұл үй Ресей Федерациясы Қорғаныс Министрлігінің 03080 әскери бөлімінің (бұдан әрі – РФ ҚМ № 03080 ә/б) жалға алынған.<br>Осы үйді күтіп-ұстауды РФ ҚМ № 03080 ә/б жанындағы үй басқармасы үй тұрғындарынан жиналатын пайдалану жиындары есебінен жүргізеді.<br>РФ ҚМ № 03080 ә/б атына 2019-2020 ж. ж. жылыту маусымына дайындық барысында панеларалық тігістерді бітеу бойынша шаралар қабылдау жөнінде хат жолданды.<br>РФ ҚМ № 03080 ә/б 25.11.2019 ж. шығ. № 8/4626 хатына сәйкес мердігерлік мекемемен панеларалық тігістерді монтаждау көбігімен бітеу жұмыстары жүргізілді. |
| 3 | **Кузина С. Г.,** Космонавтов к., 9/2 үй, 79 пәтер Аталмыш үйдің әр подъезіне электр есептегішқұралын орнату | Ақпан 2019 ж.<br>1. "Казэнергоцентр" ЖШС және "ЖТЭК" АҚ ОАЭЖ, "ЖЭСбыт"ЖШС-мен бірлесіп аталған үйдің электр есептегіші орнатылған бөлмегежәне электр есептегіш құралдарына комиссиялықсараптама жүргізсін;<br>2. Өтініш иесіне жазбаша түрде жауап әзірлесін. | Приозерск қаласы әкімінің орынбасары (Д.Ш. Саденов),<br>«ТҮКШ, ЖК, АЖжәне ТҮ бөлімі» ММ басшысы (Т.А. Айдарханов), ЖШС «Казэнергоцентр» өкілі (И.Г.Шарапорина, келісім бойынша), ЖШС «ЖЭСбыт» өкілі | Ағымдағы жылдың 11 ақпанында "Приозерск қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын – үй инспекциясы бөлімі" ММ мамандары және "Казэнергоцентр" ЖШС өкілдерімен Сіздің пәтеріңізді есепке алу құралыңыздың жеке қатысуымен комиссиялық бірлескен тексеру жүргізілді.<br>Тексеру барысында 1971 жылы шығарылған №79 пәтердің (дәлдік сыныбы 2,5) есептегіш құралы (дискілік ондафазалық электр есептегіш) екені анықталды. "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 4-тармағына сәйкес табиғи монополия субъектісінің қызметтерін (тауарларын, жұмыстарын) тұтынушының реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) есепке алу аспаптары болуға міндетті.<br>Ағымдағы жылдың 18 ақпанында жаңа үлгідегі (электронды, дәлдік сыныбы 1,0) аспапты есепке алуды орнату бойынша жұмыс жүргізілді. |
| | | Наурыз 2019 ж.<br>1. 2019 жылға арналған қызмет көрсетуші ұйымдардың қызмет көрсету шарттары, жергілікті газетте жариялансын. | Приозерск қаласы әкімінің орынбасары (Д. Саденов), | Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-ХІІІ Азаматтық кодексінің 387-бабына сәйкес.<br>1. Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын адам жасасқан және осындай тұлға өз қызметінің сипаты бойынша оған өтініш жасаған әрбір адамға қатысты жүзеге асыруға тиіс тауарларды сату, жұмыстарды орындау немесе қызметтерді көрсету жөніндегі оның міндеттерін белгілейтін шарт жария шарт деп танылады (бөлшек сауда, жалпы пайдаланымдағы |

(Жалғасы 3 бет.)

***

## К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ

# ИНФОРМАЦИЯ ОБ ИСПОЛНЕНИИ ПЛАНА МЕРОПРИЯТИЙ ПО РЕАЛИЗАЦИИ ПРЕДЛОЖЕНИЙ И ЗАМЕЧАНИЙ НАСЕЛЕНИЯ, ПОСТУПИВШИХ В ХОДЕ ПРОВЕДЕНИЯ ОТЧЁТНОЙ ВСТРЕЧИ АКИМА 8 ФЕВРАЛЯ 2019 ГОД

**по состоянию на 01.12.2019 г.**

| № | Высказанные замечания / предложения | Сроки исполнения и мероприятия по реализации замечаний/ предложений | Ответственный | Примечание |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1 | **Ахметова Э. Ж.,** ул. Достык, д. 16, кв.17 Когда будет проведен ремонт городского Стадиона? | Июнь 2019 г.<br>1. Завершить разработку ПСД и получение госэкс-пертизы на капиталь-ный ремонт городс-кого стадиона «Родина».<br>2. Направить бюджетную заявку в Управление строи-тельства, архитектуры и градостроительства и Управление физичес-кой культуры и спорта Карагандинс-кой облсти.<br>3. Подготовить ответ заявителю в письменном виде. | Заместитель акима г. Приозерск (Саденов Д.Ш.)<br>Руководитель ГУ «Отдел строительства» (Есенжолов Ж.О.) Руководитель ГУ «Отдел физических культуры и спорта» (Стамкул Н.А.) | Разработка проектно-сметной документации на капитальный ремонт стадиона завершена, получено положительное заключение государственной экспертизы от 02.05.2019 г.<br>Отделом спорта и физической культуры г.Приозерск готовится бюджетная заявка в областное управление спорта и физической культуры для включения в бюджет следующего года. Бюджетная заявка сдана 15.05.2019 г. |
| 2 | **Мусатаева А.И.,** ул. Космонавтов, д. 9/2, кв.52 О ремонте системы теплоснабжения дома по ул.Космонавтов, д. 9/2. | Июнь 2019 г.<br>1. После завершения отопительного сезона 2018-2019 гг. комис-сионно провести, об-следование за состоя-нием домов всех 18 арендуемых домов совместно с сотруд-никами Домуправ-ления № 2 в/ч 03080 МО РФ, а также вести постоянный монито-ринг, за подготовкой к отопительному сезону 2019-2020 г.<br>2. Провести необходимые работы в рамках подготовки к отопительному сезону 2019-2020 г.<br>3. Подготовить ответ заявителю в письмен-ном виде. | Заместитель акима г. Приозерск (Саденов Д.Ш.), Руководитель ГУ «Отдел ЖКХ, ПТ, АД и ЖИ» (Айдарханов Т.А.)<br>И.о. директора КГП «УЖКР» (Курец С.В.) | Данный дом находится в аренде войсковой части 03080 Министерства Обороны Российской Федерации (далее – в/ч №03080 МО РФ).Содержание данного дома, производит домоуправление при в/ч №03080 МО РФ за счет эксплуатационных сборов, собираемых с жителей дома.<br>В адрес в/ч №03080 МО РФ было направлено письмо по принятию мер по заделке и заливке межпанельных швов в рамках подготовки к отопительному сезону 2019-2020 г.г.<br>Согласно ответа в/ч №03080 МО РФ от 25.11.2019 г. исх. №8/4626 подрядной orгнаизации были проведены работы по заделки температурного шва монтажной пеной. |
| 3 | **Кузина С.Г.,** ул. Космонавтов, д. 9/2, кв.79 Установка счетчиков в каждом подъезде данного дома. | Февраль 2019 г.<br>1. Комисионно провести обследование комнаты и самих электросчетчиков совместно с предстовителями ТОО «Казэнергоцентр» и ЮРЭС АО «ЖРЭК», ТОО «ЖЭСбыт».<br>2. Подготовить ответ заявителю в письменном виде. | Заместитель акима г. Приозерск (Саденов Д.Ш.)<br>Руководитель ГУ «Отдел ЖКХ, ПТ, АД и ЖИ» (Айдарханов Т.А.), Представитель ТОО «Казэнергоцентр» (Шарапорина И.Г., по согласованию), Представитель ТОО «ЖЭСбыт» | 11 февраля текущего года проведен комиссионно совместный осмотр специалистами ГУ «Отдел ЖКХ, ПТ, АД и ЖИ г.Приозерск» и представи-телями ТОО «Казэнергоцентр» с Вашим личным участием прибора учета Вашей квартиры.<br>В ходе осмотра выявлено, что прибор учета (дисковый ондафазный электросчетчик) квартиры №79 1971 года выпуска (класс точности 2,5).<br>В соответствии с п.4 ст.11 Закона Республики Казахстан «О естественных монополиях», потребитель услуг (товаров, работ) субъекта естественной монополии обязан иметь приборы учета регулируемых коммунальных услуг (товаров, работ).<br>18 февраля текущего года была проведена работа по установке учета прибора нового образца (электронный, класс точности 1,0). |
| | | Март 2019 г.<br>1. Опубликовать в местной газете публичные договора всех услугодателей на 2019 г. | Заместитель акима г. Приозерск (Саденов Д.Ш.)<br>Руководитель ГУ «Отдел ЖКХ, ПТ, АД и ЖИ» (Айдарханов Т.А.), И.о. директора КГП «УЖКР» (Курец С.В.) | Согласно ст. 387 Гражданского кодекса Республики Казахстан от 27.12.1994 г. № 268-XIII.<br>1. Публичным договором признается договор, заключенный лицом, осуществляющим предпринимательс-кую деятельность, и устанавливающий его обязанности по продаже товаров, выполнению работ или оказанию услуг, которые такое лицо по харак-теру своей деятельности должно осуществлять в отношении каждого, кто к нему обратится (розничная торговля, перевозка транспортом общего пользования, услуги связи, энергоснабжение, медицинское, гостиничное обслуживание и тому подобное). |

(Продолжение на стр.3)

## ТҰРҒЫНДАРДЫҢ НАЗАРЫНА

# 2019 ЖЫЛДЫҢ 8 АҚПАНЫ КҮНІ ҚАЛА ӘКІМІНІҢ ХАЛЫҚ АЛДЫНДАҒЫ ЕСЕПТІ КЕЗДЕСУ БАРЫСЫНДА ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫНАН ТҮСКЕН ҰСЫНЫСТАР МЕН ЕСКЕРТУЛЕРДІҢ ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫНЫҢ ОРЫНДАЛУЫ ТУРАЛЫ

**2019 жылдың 1 желтоқсаны жағдайы бойынша**

*(Жалғасы. Басы 2 бет.)*

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 4 | **Мусатаева А. И.,**<br>Космонавтов к., 9/2 үй, 52 пәтер<br>Қызмет көрсетуші ұйымдардың, қызмет көрсету шарттарын занды түрде жария ету туралы | [illegible]<br>2. Өтініш иесіне жазбаша түрде жауап әзірлесін. | «ТҮКШ, ЖК, АЖжәне ТҮ бөлімі» ММ басшысы (Т.А. Айдарханов),<br>КТҮҚҚБ КМК директорының м.а. (Курец С.В.)<br>ЖШС «Арай-2017» директоры<br>ЖШС «Қалкан-2009» директоры (Мосиенко В., келісім бойынша) | көлікпен тасымалдау, байланыс қызметтері, энергиямен жабдықтау, медициналық, қонақ үй қызметі және сол сияқтылар).<br>Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын тұлға Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, жария шарт жасасуға қатысты бір адамға басқаларының алдында артықшылық көрсетуге құқылы емес.<br>2. Тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің бағасы, сондай-ақ жария шарттың өзге де талаптары заңнамада тұтынушылардың жекелеген санаттары үшін жеңілдіктер беруге жол берілетін жағдайларды қоспағанда, барлық тұтынушылар үшін бірдей белгіленеді.<br>3. Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын тұлғаның тұтынушыға тиісті тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) ұсыну мүмкіндігі болған жағдайда жария шарт жасасудан бас тартуына жол берілмейді.<br>Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын адам жария шарт жасасудан негізсіз жалтарған кезде осы Кодекстің 399-бабының 4-тармағында көзделген ережелер қолданылады.<br>Сондай-ақ, "Коммуналдық тұрғын үйлерді қайта қалыптастыру басқармасы" КМК және "Калкан-2009" ЖШС қызмет көрсетушілері "Приозерский Вестник" газетінде 15.03.2019 ж. № 11/603 қызметтерді ұсыну үшін жария шарттарды қайта жариялағанын хабарлаймыз. |
| 5 | **Трифонова Н. В.,**<br>Кисунько к., 4/1 үй, 72 пәтер<br>Кисунько көшесі, 1 үйдің алдында орналасқан фантан жанындағы аланды абаттандыру туралы. | Мамыр 2019 ж.<br>1. ТКШ, ЖК, АЖ және ТИ бөлімі 2020-2022 жж. бюджетті қалыптастыру кезінде сметалық құжаттаманы әзірлеп, бюджеттік өтінім дайындасын.<br>2. Өтініш иесіне жазбаша түрде жауап әзірлесін. | Приозерск қаласы әкімінің орынбасары (Д. Саденов), «ТҮКШ, ЖК, АЖжәне ТҮ бөлімі» ММ басшысы (Т.А. Айдарханов), Экономика және қаржы бөлімінің басшысы (Струментова Н.М.) | "Приозерск қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі" ММ Кисунько көшесі, 1 үй жанында орналасқан субұрқақтың жанындағы аумақты жайластыруға сметалық құжаттама әзірленді және жұмыстар 2020 жылы атқарылатын болады. |
| 6 | Литвинова Е., Кисунько к., 13/3 үй, 49 пәтер<br>Қалалықжағажайларды абаттандырумеселесі. | Сәуір 2019 ж.<br>1. Қала кәсіпкерлерімен жағажайларды абаттандыру мәселесін қарастырсын.<br>2. Ағымдағы жылдың маусым-тамыз айларында "Жасыл Ел" жастар жасағының күшімен қалалық жағажайларды тазарту жұмыстарын жалғастыру<br>3. Өтініш иесіне жазбаша түрде жауап әзірлесін. | Приозерск қаласы әкімінің орынбасары (Д Саденов)<br>«Кәсіпкерлік және ауыл шаруашылық бөлімі» ММ басшысы (А.Ж.Жүсіпов), «ТҮКШ, ЖК, АЖжәне ТҮ бөлімі» ММ басшысы (Т.А. Айдарханов), «Атамекен» ҰКП Приозерск қ. филиалының директоры (Ф. Сабиров, Келісім бойынша), Жастар ресурстық орталығының | «Приозерск қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ «Атамекен» ҰКП Приозерск филиалымен бірлесіп, қалалық жағажайларды абаттандыру бойынша қала кәсіпкерлерімен кездесу өткізді. Кездесу нәтижесі бойынша кәсіпкерлерден ұсыныстар түскен жоқ. Сондай-ақ, «Приозерск қаласының Жастар ресурстық орталығы» КММ жұмыс жоспарына сәйкес ағымдағы жылдың маусым айынан тамыз айына дейін «Жасыл ел» жастар жасағының күшімен қалалық жағажайлар аумағын тазалау жұмыстары өткізілген. |
| 7 | **Асаубаева А.,** ст. Сары-шаған<br>Сары-Шаған станциясынан көпірге дейінгі жол учаскесіне қызмет көрсету туралы? | Ақпан 2019 ж.<br>1. Осы учаскеге қызмет көрсететін мердігерлік ұйымның жұмысын жақсарту мақсатында "ҚазАвтоЖол" АҚ ҚФ басшысының атына хат жіберсін.<br>2. Өтініш иесіне жазбаша түрде жауап әзірлесін. | Приозерск қаласы әкімінің орынбасары(Д.Ш. Саденов), «ТҮКШ, ЖК, АЖжәне ТҮ бөлімі» ММ басшысы (Т.А. Айдарханов) | Приозерск қаласының әкімдігімен "ҚазАвтоЖол" Ұлттық компаниясы" АҚ Қарағанды облыстық филиалының атына жолды қардан тазалау және сырғанауға қарсы материалдармен жабу жұмыстарын жүргізу жөнінде шаралар қабылдау туралы (19.02.2019 ж. № 2-6/101) хат жолданды. 28.02.2019 жылғы жағдай бойынша Сары-Шаған станциясынан Жамбыл облысының шекарасына дейінгі учаскеде "Казахавтодор" ЖШС ҚОФ № 47 жол-пайдалану учаскесінің күштерімен автожолдар мен жол жиектерін қар үйінділерінен тазарту және көлік жүретін бөліктен қисаюды жою бойынша жұмыстар жүргізілді. |

*(Жалғасы 4 бет.)*

***

## К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ

# ИНФОРМАЦИЯ ОБ ИСПОЛНЕНИИ ПЛАНА МЕРОПРИЯТИЙ ПО РЕАЛИЗАЦИИ ПРЕДЛОЖЕНИЙ И ЗАМЕЧАНИЙ НАСЕЛЕНИЯ, ПОСТУПИВШИХ В ХОДЕ ПРОВЕДЕНИЯ ОТЧЁТНОЙ ВСТРЕЧИ АКИМА 8 ФЕВРАЛЯ 2019 ГОД

**по состоянию на 01.12.2019 г.**

*(Продолжение. Начало на стр 2)*

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 4 | **Мусатаева А.И.,** ул. Космонавтов, д. 9/2, кв.52<br>Законность публичных договоров услугодателей. | 2. Подготовить ответ заявителю в письменном виде. | Директор ТОО «Арай-2017» (Кипчакбаев Б.А., по согласованию),<br>Директор ТОО «Калкан-2009» (Мосиенко В., по согласованию) | Лицо, осуществляющее предпринимательскую деятельность, не вправе оказывать предпочтение одному лицу перед другим в отношении заключения публичного договора, кроме случаев, предусмотренных законодательными актами Республики Казахстан.<br>2. Цена товаров, работ и услуг, а также иные условия публичного договора устанавливаются одинаковыми для всех потребителей, за исключением случаев, когда законодательством допускается предоставление льгот для отдельных категорий потребителей.<br>3. Отказ лица, осуществляющего предпринимательскую деятельность, от заключения публичного договора при наличии возможности предоставить потребителю соответствующие товары (работы, услуги) не допускается.<br>При необоснованном уклонении лица, осуществляющего предпринимательскую деятельность, от заключения публичного договора применяются положения, предусмотренные пунктом 4 статьи 399 настоящего Кодекса.<br>Также сообщаем что услугодателями КГП «Управление жилищно коммунального реформирования» и ТОО «Калкан-2009» повторно опубликованы публичные договора на предоставление услуг в газете «Приозерский Вестник» от 15.03.2019 г. № 11/603. |
| 5 | **Трифонова Н.В.,** ул. Кисунько, д.4/1, кв.72<br>О благоустройстве площади возле фонтана, расположенного по ул.Кисунько, д.1. | Май 2019 г.<br>1. Отделу ЖКХ, ПТ, АД и ЖИ разработать сметную документацию и подготовить бюджетную заявку на формирование бюджета 2020-2022 гг.<br>2. Подготовить ответ заявителю в письменном виде | Заместитель акима г. Приозерск (Саденов Д.Ш.)<br>Руководитель ГУ «Отдел ЖКХ, ПТ, АД и ЖИ» ( Айдарханов Т.А.)<br>Руководитель ГУ «Отдел экономики и финансов» (Струментова Н.М.) | ГУ «Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции города Приозерск» разработана сметная документация на обустройство территории возле фонтана, расположенного по ул. Кисунько, д. 1 и работы будут проведены в 2020 году. |
| 6 | **Литвинова Е.**<br>Вопрос благоустройства городских пляжей | Апрель 2019 г.<br>1. Отработать вопрос с предпринимателями города о благоустройстве пляжей.<br>2. Продолжить работу по очистке городских пляжей силами молодежного отряда «Жасыл Ел» в июне – августе т.г.<br>3. Подготовить ответ заявителю в письменном виде. | Заместитель акима г. Приозерск (Саденов Д.Ш.), Руководитель ГУ Отдел предпринимательства и сельского хозяйства» (Жусипов А.Ж.), Руководитель ГУ «Отдел ЖКХ, ПТ, АД и ЖИ» (Айдарханов Т.А.),<br>Директор филиала г.Приозерск НПП «Атамекен» (Сабиров Ф.,по согласованию),<br>И.о. директора КГУ «Молодежный ресурсный центр» (Алмас У.) | ГУ «Отдел предпринимательства и сельского хозяйства города Приозерск» совместно с Приозерским филиалом НПП «Атамекен» проведена встреча с предпринимателями города по благоустройству городских пляжей.<br>По результатам встречи от предпринимателей предложений не поступало. Также сообщаем, планом работ КГУ «Молодежный ресурсный центр города Приозерск» были проведены работы по уборке территорий городских пляжей силами молодежного отряда «Жасыл ел» в период с июня по август текущего года. |
| 7 | **Асаубаева А.,** ст.Сары-Шаган<br>Обслуживание участка дороги от ст.Сары-Шагана до моста? | Февраль 2019 г.<br>1. Подготовить письмо на имя руководителя КФ АО «КазАвтоЖол» для улучшения работы субподрядных организаций, обслуживающих данный участок.<br>2. Подготовить ответ заявителю в письменном виде | Заместитель акима г. Приозерск (Саденов Д.Ш.),<br>Руководитель ГУ «Отдел ЖКХ, ПТ, АД и ЖИ» (Айдарханов Т.А.) | Акиматом г. Приозерск было направлено письмо (от 19.02.2019г. №2-6/101) в адрес Карагандинского областного филиала АО «Национальная компания КазАвтоЖол», о принятии мер по очистке дороги от снега и проведению работ по засыпке антискользящими материалами.<br>По состоянию на 28.02.2019 г. на участке от ст. Сары-Шаган до границы Жамбылской области, силами дорожно-эксплуатационного участка №47 КОФ ТОО «Казахавтодор» произведены работы по очистке автодороги и обочин от снежных отложений и устранению наката с проезжей части. |
| 8 | **Берсигуров О.,** ул. Шугыла, д.1, кв.4<br>Об обеспечении питьевой водой домов по ул.Шугыла? | Февраль 2019 г.<br>1. Провести комиссионное обследование данного участка и выяснить проблему в перемерзании участки и отсутствия воды. | Заместитель акима г. Приозерск (Саденов Д.Ш.),<br>Руководитель ГУ «Отдел ЖКХ, ПТ, АД и ЖИ» | 28 февраля текущего года сотрудниками ГУ «Отдел ЖКХ, ПТ,ад и ЖКХ» и КГП «УЖКР» были проведены работы по обследованию водопроводных сетей по ул. Шугыла.В результате водопроводные сети не подключены к магистралью в соответствии с техническими условиями. В соответствии с этим |

*(Продолжение на стр.4)*

